- Құрылғыны шеттегі басқару құрылғылары (мысалы, таймер) арқылы қосуға тыйым салынады. Құрылғыны кернеу айырымдары жоқ , қуат көзін күрт өшіру немесе қосылу жағдайлары болмайтын сенімді, тұрақты желіге қосыңыз. Осыған ұқсас мәселелер туындаса, кернеу тұрақтандырғышын пайдалану ұсынылады.

Назар аударыңыз! Бұл талаптарды орындамау өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.


Ылғал қолмен ашаны ұстамаңыз.




Қуат сымын тартпаңыз және сымды ұстап, ашаны розеткадан шығармаңыз.




Адаптерлерді немесе ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.




Ашаны розеткаға мықтап салу керек.



Егер қуат сымы зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.



Қуат сымын бұрамаңыз, майыстырмаңыз немесе қыспаңыз.




- Қуат сымы зақымдалған жағдайда, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе басқа білікті маман ауыстыруы керек.

* Ашаның түрі белгілі бір елдің немесе аймақтың талаптарына байланысты өзгеруі мүмкін.


Сақтық шаралары (жалғасы)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Қуат сымы зақымдалған немесе құрылғы ақаулы болса, пайдалануды дереу тоқтатып, білікті маманға хабарласыңыз.




Ашада жиналған шаң өртке себеп болуы мүмкін.



Құрылғының талаптарына сәйкес келетін розетканы пайдаланыңыз. Қажет болса, розетканы ауыстыру үшін білікті маманға хабарласыңыз. Ашаның тұйықтаушы түйіспесін розеткаға мықтап қойыңыз.






- Ашаның пішіні, розеткалар және номиналды сипаттамалар аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Ашаны үнемі шаңнан тазартыңыз.




Жанғыш заттардың жанына қоймаңыз.




Назар аударыңыз! Бұл талаптарды орындамау құрылғының ақаулығына немесе дене жарақатына әкелуі мүмкін.


Құрылғының конструкциясын өз бетінше бөлшектеуге, жөндеуге немесе өзгертуге тыйым салынады.



Құрылғының үстіне шықпаңыз.




Оңай тұтанғыш заттармен ластанған бұйымдарды кептірмеңіз.



1. Аспаздық майы, ацетон, спирт, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз, балауызды кетіру құралдары және косметикалық майлар сияқты заттармен ластанған бұйымдарды кептіруге тыйым салынады.
2. Мұндай бұйымдарды жуғаннан кейін де құрылғыда кептіруге болмайды.

Кептіру алдында қалталарда ешқандай зат қалмағанына көз жеткізіңіз.




- Қалталарда ешқандай зат қалмағанына көз жеткізіңіз. Оттық пен сіріңкеге ерекше назар аударыңыз - олар өртке әкелуі мүмкін.

Сақтық шаралары (жалғасы)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Резеңкеден және осыған ұқсас материалдардан жасалған бұйымдарды кептіруге тыйым салынады.

- Кеуекті резеңке (латекс көбігі), душқа арналған қалпақшалар, су өткізбейтін маталар, герметик материалдар, резеңке негізі бар бұйымдар немесе кеуекті резеңке ендірмелері бар киімдер немесе жастықтар сияқты бұйымдарды кептірмеңіз. Мұндай материалдар бүлініп, құрылғыны зақымдауы мүмкін.




- Құрылғыда жуылмаған киімдерді кептірмеңіз.
- Алдын-ала сығылмаған киімдерді кептіруге тыйым салынады. Су бұйымдардан ақпауы тиіс.


Құрылғының айналасына түк пен жүннің жиналуына жол бермеңіз.
Айналмалы барабанның айналасында талшықтар жиналмауы керек.




Түк сүзгілерін мерзімді түрде тазалаңыз.



Жылу көздерінің жанына және тікелей күн сәулесінің астына қоймаңыз.




Құрылғының төменгі жағындағы желдеткіш саңылауларын кілеммен немесе басқа заттармен жабуға болмайды.



Құрылғыны машиналық кептіру үшін жарамды киімдер үшін ғана қолданыңыз.



Құрылғының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.



- Құрылғыны есігі толығымен ашылатындай етіп орнатыңыз.

Құрылғы ыстық болған кезде оны ұстамаңыз.




Сақ болыңыз, саусақтарыңызды қысып алмауға тырысыңыз.



Мына талаптарды сақтаған жөн:

- Өндірістік химиялық құралдарды қолданумен жуылған киімдерді кептірмеңіз.
- Мата жұмсартқыштар мен осыған ұқсас өнімдерді пайдалану нұсқаулығына сай пайдалану керек.

Бөлшектердің атаулары



Басқару панелі
(18 бет)

Конденсат
контейнері (21 бет)

Барабан

Дөрекі тазалау
сүзгісі


Биіктігі
бойынша
реттелетін аяқтар
(13 бет)

Есік

Желілік сым және
штепсель ашасы*

*Штепсель ашаның түрі белгілі бір елдің немесе аймақтың талаптарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.


Алдыңғы панель /
Шебер тазалау
сүзгісі (шаңды)
(33 бет)




Ағызу шлангін қосу
үшін арналған келте
құбыры
(14 бет)

Құрғақ кірдің максималды
жүктелімі: 10,5 кг


Аксессуарлар



Торды түк түзетін немесе кептіргіште кептіруге жарамсыз киімдер мен аяқ киімдерді кептіру үшін пайдаланыңыз.



Кептіру торы
(20 бет)



Ағызу шлангі және
бекіткіш сақина
(14 бет)


Орнату орнын таңдау




Орнатуды білікті маман орындауы керек.

- Құрылғыны өз бетіңізше қоспаңыз.
- Көрсетілген орнату әдісін ұстаныңыз.
  Әйтпесе, Panasonic компаниясы жабдықтың зақымдануы немесе келтірілген зиян үшін жауап бере алмайды.

Кептіру машинасының габариттері (мм)



Құрылғыны ендіру




- Құрылғыны орнатқан кезде электр розеткасы мен ашаға ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етіңіз.
- Аспаптың металл элементтерінің металл заттармен немесе басқа құрылғылардың корпустарымен жанасуына жол бермеңіз.


Орнату орнының талаптарға сай келетініне көз жеткізіңіз



- Құрылғыны су шашырауы, жаңбыр тамшылары және т. б. болуы мүмкін жерлерде орнатпаңыз. Құрылғыны тек құрғақ бөлмелерде орнатуға рұқсат етіледі.

- Құрылғыны ылғалдылығы жоғары жерлерде және жылу көздерінің жанында орнатпаңыз.






- Құрылғыны тегіс емес, тұрақсыз немесе жылжымалы жерлерге орнатпаңыз.

- Құрылғыны су қатып қалуы мүмкін жерлерде орнатудан аулақ болыңыз. Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.




Жылжыту және орнату

Құралды тасымалдау



- Құрылғыны жалғыз көтеріп жүрмеңіз.
- Кептіру машинасын алдыңғы аяқтарынан және артқы қақпағының шығыңқы жерінен ұстап тасымалдаңыз.
- Құрылғыны есік тығыздағышынан немесе басқару үстелінің төменгі жағынан ұстап тасымалдамаңыз.

Құрылығыны жылжытқан кезде оны тек солға және артқа қарай еңкейтуге болады (төмендегі суретті қара). Кептіру машинасының ішінде хладагенті бар жылу сорғысы орналасқан. Құрылығыны дұрыс еңкейтпеген кезде май немесе хладагент компрессорға түсуі мүмкін , бұл оның зақымдалуына әкелуі мүмкін.




Ескертпе

- Құрылғыны тасымалдағаннан немесе жылжытқаннан кейін, оны қуат көзіне қоспас бұрын кемінде 1 сағат бойы тік күйде қалдыру керек. Осы талапты орындамау жылу сорғысының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Бағана түрінде орнату

- Осы құрылғыны Panasonic жуу машиналарының кейбір модельдерімен бірге қолдануға болады.
- Бағана түрінде орнату үшін орнату жинағы қажет. Жинақты сатып алу үшін кептіргішті сатып алған сатушыға хабарласыңыз.




Ескертпелер

- Бағанаға орнату үшін тек түпнұсқалы Panasonic жинағын қолданыңыз. Басқа өндірушілердің жинақтарын орнатуға тыйым салынады.
- Бағанаға орнатқан кезде, құрылғының құлап кетуіне жол бермеу үшін кептіру машинасын платформаға немесе еден деңгейінен жоғары тіреуішке қоймаңыз.
- Электр сымдарының шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу үшін бірнеше жоғары қуатты электр құрылғыларын бір уақытта қоспаңыз.

Жылжыту және орнату (жалғасы)


Кептіру машинасын түзеу

1




Құрылғының дұрыс орнатылуын тексеру үшін құрылыс деңгейлегішін пайдаланыңыз (жинаққа кірмейді).

2



- Суретте көрсетілгендей, барлық бөгеткіш гайкаларды сомын кілтпен босатыңыз.
- Құрылғы орнықты және тегіс тұратындай етіп, аяқтардың биіктігін реттеңіз. Аяқтардыңсағат тілінің бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз.

3



- Құрылғының түзу орнатылғанына көз жеткізіңіз.


Шлангтерді қосу

Ағызу шлангын қосу.

- Зауыттық конфигурацияда құрылғы конденсатты конденсат контейнеріне жинауға бапталған (21 бет) . Пайдаланушы ағызу шлангысін қосу арқылы ағызу әдісін өзгерте алады.
- Ағызу шлангын қосқаннан кейін оның ұшының ағызу саңылауына сенімді орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Шланг арқылы тікелей ағызу кезінде конденсат бөлімі пайдаланылмайды.
- Су ағып кетпеуі үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.


Судың ағып кетпеуін болдырмау үшін шлангтардың қосылуының дұрыстығын тексеріңіз.

1 Шланг қамытын жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін ағызу шлангысін жоғары қарай тартыңыз.



2 Ағызу шлангысін ағызу саңылауына қойыңыз және де, қосылысты бекіту үшін шланг қамытын жылжытыңыз.

3 Ағызу шлангын ұстағышта сарт еткізіп бекіткеннен кейін орнатыңыз.




4 Ағызу шлангысін ағызу саңылауына орнатыңыз. Ағызу шлангының биіктігі құрылғы корпусының биіктігінен жоғары болмауы керек. Егер ағызу шлангы тым жоғары орналасса, онда су ақпайды.


Ескертпелер

- Ағызу шлангын бұрамаңыз, тартпаңыз және майыстырмаңыз. Бұл суды ағызу кезінде қиындықтарға әкелуі мүмкін.
- Ағызуды жаппаңыз және судың еркін ағуына мүмкіндік беріңіз.
- Ағызу шлангын қара суға салмаңыз. Бұл судың құрылғыға қайта түсуіне немесе ағудың бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Қажет болған жағдайда ұзартылған ағызу шлангын қолданыңыз (жеке сатып алуға болады) .


Алғашқы пайдаланар алдында

1 

Штепсель ашасын розеткаға қосыңыз.

2 


Кірді салмаңыз - барабан бос болу керек.

3 

"Қосу" батырмасын басып, кептіру машинасын қосыңыз.

4 



"Быстро 60" бағдарламасын таңдаңыз.

5 

"Бастау" батырмасын басыңыз.


Алғашқы пайдаланар алдында
(жалғасы)

Сынамалық іске қосудан кейінгі тексеру


Мәселе	Себебі мен шешімі
	● Құрылғының нық орнатылғанына көз жеткізіңіз. 
Дисплейдегі қате 	● Бағдарламаның немесе қосылымның бұзылуы. "Қателер дисплейі" бөлімін қараңыз (38-бет).

Кептіру алдында


Кірді дайындау




- Қалтада бөгде заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Мата немесе барабанды зақымдауы мүмкін болған керек-жарақтар мен бөлшектерді алып тастаңыз.




- Түймелерді, сыдырмаларды және басқа түймеліктерді бекітіңіз.



- Түйіртпекке бейім заттарды ішке қарай аударып салыңыз.




- Киімді жүннен, түктен, жіптерден және басқа ластанулардан тазалаңыз.



- Шатаспау үшін белдік, ұзын таспаларды, бауларды және т.б. байлаңыз.

Кірді сұрыптаңыз



- Күтім жасау бойынша затбелгілерімен танысыңыз.
- Маталардың боялуын болдырмау үшін ақ түсті маталарды түрлі-түсті маталардан бөлек кептіріңіз.



Киімдерді күтім түрі бойынша сұрыптаңыз немесе зақымдануды болдырмау үшін мата мен фактурасына сай кептіріңіз. Тығыздығы әртүрлі киімдерді немесе көп қабатты маталарды бір уақытта кептіру әртүрлі кептіру нәтижелеріне әкелуі мүмкін.

Басқару панелі



Құрылғыны қосу және өшіру

Бағдарламаны іске қосу немесе тоқтату.

Жеңіл үтіктеу (29 бет)

Аяғыш кептіру (29 бет)

Бағдарламаны таңдау (24 бет)

Кептіру уақытын баптау (28 бет)

Кептіру деңгейін баптау (28 бет) .

Балалардан бұғаттау (26 бет) (батырманы 5 секунд бойы басып тұрыңыз) .

Басқару панелінің жұмыс ұстанымы.

- Басқару түймелері сенсорлық (сыйымдылық). Түймелерді тек саусағыңызбен басыңыз.
- Өткір заттарды (мысалы, қаламдар, қарындаштар) пайдаланбаңыз. Бұл панельдің бетін зақымдауы мүмкін.
- Қолғаппен баспаңыз, өйткені қолғап материалы жанасуды дұрыс айырып тануға кедергі келтіреді.

Егер басқару үстеліне су, жуғыш зат немесе кондиционер тиіп кетсе:
1. Қуат батырмасын пайдаланып құрылғыны дереу өшіріңіз.
2. Сұйықтық қалдықтарын кетіру үшін панельді жұмсақ құрғақ матамен сүртіңіз. Әйтпесе бұл жарамсыздыққа әкелуі мүмкін.

Дисплей

Бағдарламаның аяғына дейін қалған уақыт көрсетіледі
(мысалы, 1:15 = 1 сағ 15 минут.)




Қате коды көрсетіледі (38 бет)



(мысалы, U12)

Таңдалған кептіру бағдарламасы көрсетіледі.



Таңдалған кептіру бағдарламасы көрсетіледі.

( ) индикаторы жанып тұр: Есік және басқару панелі бұғатталған. (26 бет)

( ) индикаторы жанып тұр: конденсат контейнері толды (21 бет)

Кептіру барысының индикаторы.

( ) индикаторы жанып тұр: Сүзгі бітелген (32-34 бет).

( ) индикаторы жанып тұр: "Легкая глажка" функциясы қосулы. (29 бет)

( ) индикаторы жанып тұр: "Щадящая сушка" функциясы қосулы. (29 бет)

Ескертпелер

- Егер қосылған соң 10 минут ішінде басқару панелімен өзара әрекеттесу болмаса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
- Құрылғы электр қуаты өшкен/істен шыққан кезде өз жұмысын тоқтатады. Қуат қалпына келтірілген соң бағдарлама автоматты түрде қалпына келтірілмейді. Жұмысты жалғастыру үшін құрылғыны қосыңыз және бағдарламаны қайтадан іске қосыңыз.

Кептіру торы

Жүн және аралас маталарды кептірген кезде, жүн бүйымдарында түктердің жиналып қалуын болдырмау үшін кептіру торын пайдаланыңыз. (Заттарды мүмкіндігінше біркелкі жайыңыз, әйтпесе кептіру тиімділігі төмендеуі мүмкін.)

1 **"По времени" бағдарламаны таңдаңыз.**



2 **"Щадящая сушка" бағдарламасын таңдаңыз.**




3 **Кептіру уақытын орнатыңыз.**




Кептіру торын орнату бойынша нұсқаулық

1 **Төмендегі суретте көрсетілгендей кептіру торын қойыңыз.**



2 **Кептіру торын барабанға бұрышпен салыңыз**

3 **Кептіру тордың жоғарғы ілмегін барабанның ішіндегі бекіткішке іліңіз. Екі тіреуіш өзектің барабанның ішкі жағына тірелетініне көз жеткізіңіз.**



4 **Тордың дұрыс орнатылғанына және нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз.**

Конденсат контейнері


Кептіру кезінде түзілетін конденсат конденсат контейнеріне жиналады (суды ағызу шлангысі қосылмаған жағдайда). Егер ( ) индикаторы жанып тұрса, бұл контейнердің толғанын білдіреді, және де құрылғы жұмысы тоқталады. Осы жағдайда:

1. Құрылығыны өшіріңіз.
2. Конденсат контейнерін шығарыңыз.
3. Суды төгіңіз.
4. Контейнерді қайтадан орнатыңыз және кептіру машинасын қайта іске қосыңыз.


- Конденсат контейнерін әр қолданғаннан кейін босатыңыз.
- Егер контейнердің ағызу саңылауы бітеліп қалса, суретте көрсетілгендей бітеуішті шешіңіз, мұқият тазалаңыз, содан кейін қайта салып, бекітіңіз.



1 Конденсат контейнерін көлденең ұстап шығарыңыз.



2 Конденсат контейнерінің артқы жағынан ұстап, абайлап алыңыз.



3 Конденсат контейнерінен суды төгіңіз.




4 Конденсат контейнерін орнына орнатыңыз , және де оның нық бекітілігеніне көз жеткізіңіз.

Кептіру



Ескертпелер


- **Кірдің есік пен нығыздағыштың арасында қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.**



- **Нұсқаулықта көрсетілген барабанның ұйғарынды жүктемесін сақтаңыз.**




1



Кірді барабанға салыңыз және есікті жабыңыз.

2



Кептіру машинасын қосыңыз.

3



Кептіру бағдарламасын таңдаңыз. ◀ ▶ батырмаларын керекті бағдарламаны таңдау үшін пайдаланыңыз.

■ **Қажет болған жағдайда қосымша параметрлерді баптаңыз.**


Қосымша параметрлер




4



►II батырмасын басып, кептіруді іске қосыңыз.




5



Бағдарлама аяқталғаннан кейін кірді кептіру машинасынан алыңыз.

Бағдарламалардың сипаттамасы

Бағдарлама	Сипаттама	Макс. жүктеу (кг)
Гипоаллер-генная	● Мақта матадан жасалған киім , іш киім, орамалдар, балалар киімі мен осыған ұқсас бұйымдар үшін. 	6,0
Деликатная	● Жібек матадан жасалған киім үшін. 	1,0
Теплый воздух	● Көрпелер (соның ішінде мамықты) және сырылған жамылғылар үшін. Максималды жүктеме - 1 бұйым. 	4,0
Холодный воздух	● Мақта матадан , зығырдан және құрамында мақтасы бар қоспалы маталардан жасалған киім үшін. 	4,0
Рубашки	● Жейделер мен блузкалар үшін. 	3,0
Хлопок	● Мақта матадан, зығыр және құрамында мақтасы бар қоспалы маталардан жасалған киім. 	10,5
Повседневная	● Мақта матадан, зығыр және құрамында мақтасы бар қоспалы маталардан жасалған киім. 	10,5
Быстро 60	● Мақта матадан, зығыр, синтетикалық немесе қоспалы маталардан жасалған бұйымдар үшін, аз мөлшерде немесе жартылай құрғақ күйінде. 	1,5
По времени	● Мақта матадан, зығыр және құрамында мақтасы бар қоспалы маталардан жасалған киім. 	10,5
Пуховые вещи	● Мамық толтырғышы бар киім үшін. Аяғыш кептіруді және бұйымдар күйінінің сақталуын қамтамасыз етеді. 	3,0

Бағдарлама	Сипаттама	Макс. жүктеу (кг)
Смешанные ткани	● Үтіктеуді талап етпейтін мақта матадан, зығыр, синтетикалық немесе қоспалы маталардан жасалған бұйымдар үшін. Жабысқан қылшықтар мен шашты алуға көмектеседі. 	4,0
Полотенца	● Орамалдар үшін. 	6,0


- Бір үлкен киімнен артық киім салмау қажет. Заттардың шамадан тыс көп мөлшері кептіру өнімділігі мен матаның күтіміне кері әсер етуі мүмкін.
- Нақты кептіру уақыты және дисплейде көрсетілген уақыт жүктемеге, мата түріне, ылғалдылық деңгейіне және қоршаған орта температурасына байланысты өзгеруі мүмкін.
- "По времени" бағдарламасынан басқа кез келген бағдарламаны таңдағанда, киім ылғалды болған жағдайда жұмыс уақытының ұзақтығы ұзартылуы мүмкін .
- Кішігірім жүктеу үшін (0,5 кг-ға дейін) "По времени" бағдарламаны таңдау ұсынылады.

Кептіру бойынша ұсыныстар

Мамықты киімдер

"Пуховые вещи" бағдарламасын мамықты бұйымдар үшін таңдаңыз. Басқа бағдарламаларды пайдалану киімнің бүлінуіне әкелуі мүмкін.

■ **Бағдарлама аяқталғаннан кейін бұйымды дереу барабаннан шығарыңыз.**




● Ол сәл ылғалды болуы мүмкін, сондықтан кептіруді көлеңкеде жалғастырыңыз, анда-санда ақырын шайқаңыз.



Құрылғының баптарын өзгерту


Балалардан бұғаттауды орнату



Балалардан бұғаттау функциясы балалардың құрылғыны кездейсоқ пайдалануына жол бермейді: есікті ашу және құрылғы жұмысының уақытының баптауларын өзгерту. Балалардың кептіру машинасының жанында ойнауына немесе оны бақылаусыз пайдалануына жол бермеңіз.

Функцияны белсендіру үшін:


1



Кептіру машинасын қосыңыз.

2








"Уровень сушки" батырмасын 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 дыбыс дабылы естіледі.
- Дисплейде индикаторы жанады.

Басқару элементтері бұғатталады.

Бұғаттауды өшіру үшін:


"Уровень сушки" батырмасын 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 4 дыбыс дабылы естіледі.
- индикаторы сөнеді .
- Балалардан бұғаттау функциясы өшірулі.

Дыбыстық дабылды өшіру



Бағдарлама аяқталғаннан кейін естілетін дабылды өшіруіңізге болады.

1



Құрылғыны қосыңыз.


2



Щадящая сушка батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

- 2 дыбыс дабылы естіледі.

Дыбыс дабылы өшеді.




Дыбыстық дабылды қосу үшін:

1. Щадящая сушка батырманы 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
2. 4 дыбыс дабылы естіледі.

Бағдарлама баптауларын өзгерту

- Кірді сұрыптап, барабанға салыңыз (17 бет).


1 

Құрылғыны қосыңыз.


2 

Бағдарламаны таңдаңыз (24-25 беттер) . Таңдалған бағдарлама жыпылықтайды.

3 **Қажет болған жағдайда бағдарламаның баптауларын өзгертіңіз.**




- Қолжетімді параметрлер және баптау диапазондары таңдалған бағдарламаға байланысты болады.
- Қолжетімсіз опцияны таңдағанда дабыл қосылады.

4 

"Бастау" батырмасын басыңыз.

Кептіру деңгейі

Кептіру деңгейін өзгерту.

3 

Кептіру деңгейі 1-ден 5-ке дейінгі диапазонда көрсетіледі және циклдік түрде өзгереді.
Сан неғұрлым көп болса, соғұрлым кептіру деңгейі жоғары болады.

Кептірудің қажетті деңгейін таңдау үшін Уровень сушки батырмасын басыңыз.

Кептіру уақыты

"Холодный воздух" немесе "По времени" бағдарламаны таңдағаннан кейін кептіру уақытын орнату үшін Время сушки батырмасын басыңыз.

3 

"Холодный воздух" бағдарламасында уақыт 10 минуттық аралықпен ұзартылады, максималды ұзақтығы - 2 сағат.
«По времени» бағдарламасында уақыт бірінші сағат ішінде 10 минуттық аралықпен, содан кейін 30 минуттық аралықпен артады, максималды ұзақтығы - 6 сағат.

Аяғыш кептіру

«Щадящая сушка» функциясы төмен температурада жылы ауаны пайдаланумен аяғыш кептіруді қамтамасыз етеді.
Нәзік маталар мен қызып кетуге сезімтал бұйымдарға ұсынылады. «Деликатная» және «Тёплый воздух» бағдарламалары үшін төмен температурада кептіру функциясы автоматты түрде іске қосылады. «По времени» және «Смешанные ткани» бағдарламаларында функцияны қолмен белсендіруге болады.

3 Функцияны белсендіру үшін Щадящая сушка батырмасын басыңыз.

Индикатордың күйі ағымдағы режимді көрсетеді: егер индкатор жанып тұрса, функция қосулы; егер индикатор жанбаса, функция өшірулі.



Маңызды:
Бағдарламаны іске қосқаннан кейін баптауларды өзгерту мүмкін емес (бұл тек балалардан бұғаттау функциясына жатпайды).
Параметрлерді өзгерту қажет болса,құрылғыны өшіріңіз, қайтадан қосыңыз және бағдарламаны таңдаңыз.

Жеңіл үтіктеу

«Легкая глажка» функциясын белсендіру бүктесіндерді азайтады және барабанның ішіндегі температураны төмен деңгейде ұстайды. Негізгі кептіру аяқталғаннан кейін барабан кейінгі үтіктеуді жеңілдету үшін 10 сағатқа дейінгі үзілістермен айнала бастайды.

3 Функцияны белсендіру үшін Легкая глажка батырмасын басыңыз.
Индикатордың күйі ағымдағы режимді көрсетеді: егер индикатор жанып тұрса, функция қосулы; егер индикатор жанбаса, функция өшірулі.




Кептіру аяқталғаннан кейін индикатор шамы жыпылықтай бастайды, бұл бүктесіндерді азайту және салқындату функциясының іске қосылғанын көрсетеді.
Осы кезең бойы кез келген уақытта есікті ашып, кірді шығаруға болады.


1 1. Құрылғыны өшіріңіз.
2. Құрылғыны қосыңыз.
3. Функцияны іске қосу үшін Легкая глажка батырмасын басыңыз.
4. Бағдарламаны іске қосу үшін "Старт" батырмасын басыңыз.



Күтіп ұстау және қызмет көрсету




Құрылғыға күтім жасау




Кептіргіштің корпусын жұмсақ, дымқыл шүберекпен үнемі сүртіңіз. Қажет болса, бейтарап жуғыш заттың әлсіз ерітіндісін қолданыңыз.


Ескертпелер



Есік тығыздағышын үнемі қолмен тазалап отырыңыз.




Қатты ластанған кезде бейтарап жуғыш затты пайдаланыңыз.



- Кептіру машинасына суды шашпаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін абразивті тазартқыштарды, еріткіштерді немесе, құрамында спирт немесе парафин бар өнімдерді пайдаланбаңыз.

Ылғалдылық датчигін тазалау

Ылғалдылық датчигін кемінде айына бір рет тазалау ұсынылады.



1. Есікті ашыңыз.
2. Ылғалдылық датчигінің бетін жұмсақ ылғалды сорғышпен сүртіңіз.

Ылғалдылық датчигі барабан ішінде орналасқан.

Назар аударыңыз!




- Тазалау үшін металл сорғыштарын немесе басқа да кедір-бұдыр материалдарды пайдаланбаңыз.

Күтіп ұстау және қызмет көрсету
(жалғасы)


Түктен тазалау сүзгілері

Әрбір кептіруден кейін түктен тазалау сүзгісін тазалау қажет.


1 **Есікті ашыңыз және түктен тазалау сүзгісін шығарыңыз.**



2 **Сүзгі бетін түктен тазалаңыз.**




3 **Түктен тазалау сүзгісін бастапқы орнына орнатыңыз.**




Шебер тазалау сүзгісі (шаңды)

Тазалауды айына кемінде бір рет жүргізу ұсынылады.


1 **Алдыңғы панельді ашу үшін оның жоғарғы бөлігін абайлап басыңыз.**




2 **Төмендегі суретте көрсетілгендей, екі бекіткішті бұраңыз.**



3 **Шаңды сүзгіні өзіңізге қарай тартып , абайлап алыңыз.**



4 **Суретте көрсетілгендей, сүзгіні ашыңыз, және де шебер тазалау сүзгісінің бетін тазалаңыз.**



Шебер тазалау сүзгілері


5 **Барлық бөліктерді олардың бастапқы орындарына орнатыңыз.**

Күтіп ұстау және қызмет көрсету
(жалғасы)

Дөрекі тазалау сүзгісіс

Дөрекі тазалау сүзгісін жүйелі түрде тексеріңіз және ірі бөлшектер мен кірден тазалаңыз.

1 **Есікті ашыңыз және есік ойығының төменгі бөлігіндегі сүзгіні шығарыңыз.**







2 **Сүзгі бетін ірі бөлшектер мен кірден тазалаңыз.**



3 **Сүзгіні бастапқы орнына орнатыңыз.**





Ақаулықтарды іздеу және жою

Кептіру машинасы


Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Басқару панелінің батырмалары басу кезінде жауап бермейді. 	☐ Бағдарлама қазірдің өзінде іске қосылды. • Егер бағдарламаны өзгерту қажет болса, құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз. ☐ Балалардан бұғаттау қосулы (26 бет). • Бұл режимде тек қуат батырмасы жұмыс істейді.
Кептіру машинасының қосылмауы. 	☐ Қуат көзі өшірулі. • Қуат ашасының розеткаға салынғанын тексеріңіз. • Үлестіруші қалқанындағы автоматты ажыратқыштың қосылып тұрғанына және жақсы жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. ☐ Есік тығыз жабылмаған. ● Есікті жабыңыз.  ● Егер мәселе шешілмесе, ашаны розеткадан ажыратыңыз, 30 секунд күтіңіз және қайта қосыңыз.  ● «Старт» батырмасын басыңыз.
Бөгде иіс шығып тұр. 	☐ Құрылғыны алғаш рет пайдаланған кезде, резеңке бөлшектердің болуына байланысты резеңке иісі шығуы мүмкін. • Пайдалану барысында иіс біртіндеп жоғалады. 

Ақаулықтарды іздеу және жою
(жалғасы)

	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Кептіру	**Үзілмелі жұмыс (барабанның мерзімді айналуы).**	- Бұл ақаулық болып саналмайды. «Лёгкая глажка» функциясын қосқаннан кейін барабан мерзімді түрде үзіліс жасап, баяу айналады.
	Сүзгі ластанбаған болса да, сүзгінің ластану индикаторы жыпылықтайды.	- Бұл ақаулық болып саналмайды. Сүзгі ластанбаған болса да, индикатор жыпылықтауы мүмкін. Әрбір 10 кептіру циклінен кейін сүзгінің ластану индикаторы пайдаланушыға сүзгіні тазалау керектігін еске салу үшін автоматты түрде іске қосылады.
	Жұмыс дыбысының өзгеруі.	- Бұл ақаулық болып саналмайды. Дыбыстың өзгеруі компрессор мен ағызу сорғысының жұмыс режимдері арасындағы ауысумен байланысты.
	Дисплейде "0:00" көрсетіледі.	- Бұл ақаулық болып саналмайды. "0:00" индикациясы кептірудің аяқталғанын мәлімдейді, алайда барабан ішіндегі температура жоғары болып қалады. Барабанды салқындату үшін шамамен 40 минут бойы ауа беріледі. Егер «Лёгкая глажка» функциясы қосылған болса, барабан 10 сағатқа дейін үзіліспен айнала алады. Қажет болса, кез келген уақытта "Баста-у/Үзіліс"батырмасын басып, кірді алу үшін есікті ашуға болады.
Барабан жарықтандырғышы	**Барабан жарықтандырғышы сөнеді.**	- Бұл ақаулық болып саналмайды. Есікті ашқаннан кейін барабан жарықтандырғышы шамамен 5 минутқа жанады, содан кейін ол автоматты түрде сөнеді. Жарықтандырғыш қайта қосылу үшін есікті жабыңыз және оны қайтадан ашыңыз.

	Мәселе	Ықтимал себептері мен шешімдері
Бағдарламаның ұзақтығы	**Кептіру барысында дисплейде көрсетілген уақытты өзгерту.** 	☐ Бағдарламаның соңына дейін қалған уақыт құрылғы жұмысының барысында автоматты түрде реттеледі. Бұл қалыпты жағдай. Көрсетілген уақыт жүктелген кірдің мөлшеріне, ылғалдылығына және қоршаған орта температурасына байланысты өзгеруі мүмкін.
Шу	**Ерекше шу (діріл) пайда болды.** 	☐ Барабанға бөгде заттар түсті (мысалы, металл заттар).  ☐ Құрылғы тегіс емес немесе тұрақсыз беткейде орнатылған. • 13 б. қара.  ☐ Аяқтар реттелмеген. • 13 б. қара. 
Басқа	**Қуат көзін өшірген кезде кептіру бағдарламасы да тоқтайды.**	☐ Қуат қалпына келтірілген соң бағдарлама автоматты түрде қалпына келтірілмейді. • Қуат көзін қосыңыз және бағдарламаны қайта іске қосыңыз.

Қателер дисплейі


Қате коды	Тексеру әрекеттері
U 12 **Есігі ашық.**	Құрылғының есігін жауып, «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.
U 15 **Конденсат контейнері толып кеткен.**	● Конденсат контейнерінің толғандығын тексеріңіз. → Егер контейнер толы болса, оны босатып, кептіру машинасын қайта іске қосыңыз (17 бет). ● Дренажды шлангтің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. → Егер дренажды шланг дұрыс орнатылмаса, оны дұрыс орнатыңыз және кептіру машинасын қайта іске қосыңыз (10 бет).
U 30 **Қоршаған ортаның қалыпсыз температурасы.**	● Қоршаған орта температурасының қолайлы диапазонда екенін тексеріңіз. →Егер температура 5°C-тан төмен немесе 35°C-тан жоғары болса, кептіру машинасын өшіріп, температура 5°C-35°C аралығында тұрақтанғаннан кейін ғана жұмысын жалғастырыңыз.
H □□ **Сүзгілердің ластануы.**	※ Сүзгілердің ластануына көз жеткізіңіз. Егер ластану байқалған болса, 27-28 беттердегі нұсқауларға сай тазалаңыз. Тазалаудан кейін «H86» мен «H87» кодтарының қайтадан пайда болатындығын тексеріңіз. Егер кодтар көрсетіле берсе: 1. Кептіру машинасын желіден ажыратыңыз. 2. Сервис орталығына жүгініңіз. 

Техникалық сипаттамалары

	NH-XE21R1
Номиналды кернеу (В)	220-240 ~
Номиналды жиілік (Гц)	50
Номиналды тұтыну қуаттылығы (Вт)	700
Габариттік өлшемдері (ЕхТхБ) (мм)	605×620×845
Таза салмағы (кг)	50
Құрғақ кірдің максималды жүктелімі (кг)	10,50
Судан қорғау дәрежесі	IPX4
Хладагент түрі	R134a (230 г)

Басқа құжаттарда өзгесі көзделмесе, төменде келтірілген ережелерді ұстаныңыз.
1. Құрылғыны қатты, тегіс бетке қойыңыз.
2. Құрғақ, жабық орынжайда сақтаңыз.
3. Тасымалдау уақытында бұйымды лақтырмаңыз, қажеттіліктен артық дірілдетпеңіз немесе басқа заттарға соқпаңыз.
4. Ұлттық және/немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жаратыңыз.
Өткізу ережелері мен шарттары өндірушімен белгіленбеген және тауар өткізілетін елдің ұлттық және/немесе жергілікті заңнамасына сай келуі тиіс.
Бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылған жағдайда, осы бұйым үшін өндіруші белгілеген қызмет мерзімі өндіріс күнінен бастап 7 жылға тең.

Ескертпе:
Өнімнің жапсырмасындағы сериялық нөмір (аспаптың артқы жағында) өндірілген күні туралы ақпаратты қамтиды.
Сериялық нөмірдегі әрбір таңбаның мәні:



* соңғы 2 саны, мысалы, 25 үшін 2025, 26 үшін 2026 және т. б.
** 1 -Қаңтар, 2-Ақпан, ...,O – Қазан, N – Қараша, D – Желтоқсан.

Panasonic компаниясының ақпараттық орталықтары

Қазақстан

Телефоны:	+ 7 (727) 330-88-07 – Алматыдан телефон соғу үшін 8-800-0-809-809-Қазақстан шегіндегі жергілікті ұялы операторлардың қалалық және ұялы телефондарынан тегін хабарласу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Пошталық мекенжайы:	050010, Алматы қ., Достық даңғылы 192, 3-қабат.
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

Қырғызстан

Телефоны:	00-800-0101-0021-Қырғызстан шегінде қалалық және ұялы телефондардан тегін хабарласу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Пошталық мекенжайы:	050010, Алматы қ., Достық даңғылы 192, 3-қабат.
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

Ресей

Телефоны:	+ 7 (495) 665-42-05 – Мәскеуден қоңырау соғу үшін 8 (800) 200-21-00 – Ресейге тегін қоңырау соғу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

Беларусь

Телефоны:	8 (820) 007-1-21-00 Беларусь Республикасы ішінде тегін қоңырау соғу
Жұмыс тәртібі:	Дүйсенбі-жұма 9-00-ден 18-00-ге дейін (Мәскеу уақыты)
Интернет-парақша:	https://www.panasonic.com/kz/support
e-mail:	cc@ru.panasonic.com

ӨНІМДІ СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

Жылу сорғысы бар кептіргіш машина "Panasonic", NH-XE21R1, NH-XE21R1BKZ, NH-XE21R1WKZ үлгілері ТР ТС 004/2011, ТР ТС 020/2011, ТР ЕАЭС 037/2016 талаптарына сай келеді

Сертификаттау органы:	СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ЖШС «КАЗЭКСПОАУДИТ» 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 113, 1 кеңсе
Сертификат :	ЕАЭС KZ.7500361.01.01.11202
Сертификаттың берілген күні :	03.02.2026
Сертификаттың жарамдылық мерзімі :	02.02.2031

Декларант:	ЖШС «Панасоник Рус» Ресей, 115191, Мәскеу қ., қ. іш. аумағы, Даниловский муниципалдық округі, Холодильный тұйық к-сі, 3-үй, 1-корпус, 3-құрылыс
Сәйкестік туралы декларация:	ЕАЭС N RU Д-JP.PA01.B.62508/26
Декларацияның тіркелген күні:	05.02.2026
Декларация дейін жарамды:	04.02.2031

Өндіруші:
Панасоник Корпорэйшн 1006, Оаза Кадома, Кадома-ши, Осака, 571-8501 Жапония

Қытайда жасалған

Panasonic

WARRANTY CARD №

(гарантийный талон; кепілдік талоны)

Model name (номер модели; моделі №)	**Purchase date** (дата покупки; сатып алған күн)	
Serial number (серийный номер; сериялық нөмір)	**Customer name, phone number and signature** (ФИО, телефон и подпись покупателя; аты-жөні телефон сатып алушыны қолы)	
Retailer address (Название и адрес продавца; сатушы мекеменің атауы және заңдық мекен-жайы)	**Retailer signature** (подпись продавца; сатушының қолы)	**Retailer stamp** (печать продавца; сатушы мекеменің мөрі)

Panasonic Corporation

Жөндеу кестесі / Таблица ремонтов

Жөндеу № № ремонта	Қабылданған күні, Дата поступления	Берілген күні Дата выдачи	Сервистік орталықтың атауы Название сервисного центра	Орындалған жұмыстар Выполненные работы

Қазақстанға арналған кепілдік шарттары

Panasonic Corporation Қазақстан және Қырғызстан аумағына жеткізілетін кір жуу машиналарына, кептіргіш машиналарына және кір жуу-кептіру машиналарына 2 (екі) жыл кепілдік береді.

Бұл кепілдік өндірушілер тарапынан тұтынушылардың конституциялық және өзге де құқықтарына қосымша түрде беріледі және оларды ешбір жағдайда да шектей алмайды. Кепілдік тауар сапасыз материалдан жасалған немесе құрастыру кезіндегі ақауларға байланысты жарамсыз болып танылған жағдайда күшіне енеді:

1. Кепілдік, Қазақстан аумағында қолдануға арналған және эксплуатация, техникалық стандарттар немесе қауіпсіздік талаптарының нұсқауларына с әйкес, қатал түрде қолданылған жағдайда ғана тауарларға таралады. Қазақстан аумағында қолдануға арналған модельдер тізімі www.panasonic.com сайтында көрсетілген.
2. Аталып отырған кепілдік, ондағы ақаулар өрттен, найзағайдан немесе басқа да табиғи құбылыстардың әсерінен туындаған жағдайда, құрылғы ішіне сұйықтық түскенде, механикалық ақау кезінде, дұрыс емес қолданғанда, яғни пайдалану нұсқауында көрсетілген шартқа сай емес қорек көздерін қосқан кезде, кернеу тұрақсыздығы, қорек көзін немесе кіріс кернеуін дұрыс емес немесе шектен тыс қолданғанда; құралға тыс заттар мен жәндіктердің кіріп кетуі, сонымен қатар салғырт қарау кезінде; жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары, бұндай қызмет түрлеріне рұқсат етілген сертификаты жоқ адаммен істелген болса, сонымен қатар инсталляция, адаптация, модификация немесе эксплуатацияның техникалық шарттар мен қауіпсіздік талаптары орындалмаған жағдайда жарамсыз болады.
3. Егер кепілдік берілген мерзім аралығында, тауардың бір бөлігі не басқа бір бөлшектері тауарды өндіруші жеткізбеген немесе бекітілмеген қосалқы бөлшектермен ауыстырылған болса, сондай-ақ, бұл жұмыс қанағаттанғысыз түрде жасалса, не олар тауарға с әйкес келмесе, онда тұтынушы бұл кепілдік бойынша төлем алу құқығынан, өтеу құқығынан айырылады.
4. Аталып отырған кепілдік, бағдарламалық қамтамасыздандыруға, өңдеу бөлшектері мен корпусқа, шамдарға, батарея мен аккумуляторға, байланыс кабельдеріне, қорғаныш экрандарына, қолдану мерзімдері шектелген щетка және басқа да бұйымдарға таратылмайды.
5. Сатып алынған тауарды монтаждау/инсталляциялау/орнату немесе демонтаждау/деинсталляциялау бойынша жұмыстардың құны осы кепілдік қызмет көрсету аясында орындалатын жұмыстар тізбесіне кірмейді және кепілдік міндеттемелеріне енгізілмейді.

Техниканы орнату және қосу

Сатып алынған құрылғыларды орнату үшін және техниканы жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік беретін, қажетті жұмыстарды жүргізетін Сервис орталығы мамандарының ақылы қызмет көрсетуіне жүгінуіңізге болады.
Аталған кепілдік міндеттері Қазақстан аумағында Panasonic Авторизацияланған Сервис Орталықтарымен іске асады.
Қазақстандағы және Panasonic Авторизацияланған Сервис Орталықтарындағы сервистік қызмет көрсетуі туралы ақпарат Panasonic Ақпараттық Орталығында 8-800-0-809-809 телефонымен — Қазақстаннан тегін қоңырау шалу және www.panasonic.com сайтында қол жетімді. Қазақстан Республикасындағы өнімнің сапасына байланысты наразылықтарды қабылдауға өкілетті ұйым: ЖШС «Панасоник Рус» Алматы қ. Филиалы Қазақстан, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3 қабат.

Өндіруші	Panasonic Corporation 1006, Oaza Kadoma, Kadoma-shi, Osaka 571-8501, Japan

Panasonic Corporation
https://www.panasonic.com
© Panasonic Appliances Washing Machine (Hangzhou) Co.,Ltd. 2026
Қытайда жасалған
Қытайда басып шығарылған
02-2026